

**Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 23 ақпандағы № 62 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және сайлаушылармен кездесу үшін кандидаттарға үй-жай бөлу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 қарашадағы № 347 қаулысы. Ақмола облысы Астрахан ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 23 желтоқсанда № 1-6-161 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 29 қазандағы № 352 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданының әкімдігінің 29.10.2014 № 352 (қол қойған күннен бастап күшіне енеді) қаулысымен.**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, аудан әкімдігі Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Астрахан ауданы әкімдігінің «Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және сайлаушылармен кездесу үшін кандидаттарға үй-жай бөлу туралы» 2011 жылғы 23 ақпандағы № 62 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 1-6-148 тіркелген, 2011 жылғы 2 наурызда «Маяк» газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1 қосымшаның 1 тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

«1. Астрахан селосы, Әл-Фараби көшесі, 44 үй, «Астрахан ауданының «Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стенд».

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары М. Қ. Қ о ж а х м е т к е жүктелсін.

3. Аудан әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Астрахан ауданының әкімі*

*Р.Әкімов*

КЕЛІСІЛДІ

*Аудандық аумақтық сайлау*

*комиссиясының төрағасы*

*Ю.Наприенко*

